

Біздің сүйікті ұстазымыз

Nur Otan партиясының мүшесі, ҚАЗҰМУ-нің профессоры, ҚР клиникалық және іргелі Медицинасы ғылыми академиясының академигі, жоғары санаттағы дәрігер акушер-гинеколог, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, алтын дәрігер, КСРО Еңбек ардагері, Ресей федерациясының ғылым және білім беру ісінің еңбек сіңірген қызметкері, ҚР ДСМ жанындағы терминологиялық комитеттің мүшесі, «Ұлттық медициналық қауымдастығының» Республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі, республикалық «Денсаулық» журналының редакция алқасының мүшесі, қоғам қайраткері

Хамит Нұржанұлы Нұржанов 80 – жаста

Жүзі жылы, алақаны жұмсақ, қолы шипалы, науқастарға мейірімді, өзі шебер маман, білікті ұстаз, сырт келбеті абыз атадай ұстазымызды өмір жолында кездестіргенімізге біз шәкірттері аса ризамыз. Ұстаз – ең қасиетті ұғым. Мұхаммед пайғамбар «Ұстазың – ата-анаңнан артық» деген.

Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, ғарышкерін де, еңбекқор егіншіні де, ұстаз өсіреді. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші, ұстазымыз ұзақ еңбек жолында жинаған білімі мен тәжірибесін шәкірттеріне үйретуден жалыққан емес. Ұстазымыздың ісін жалғастырар шәкірттері бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етіп, ел алғысына бөленіп жүр. Өзінің еңбекқорлығы, бай өмірлік және кәсіби тәжірибесі, ешбір жанға дауыс көтермейтін биязды мінезі, қолынан келген көмегін аямайтын мейірімділігі арқасында біздің жақсы көретін Хамит Нұржанұлы ұстазымыз қайда жүрсе де құрметке ие.

Хамит Нұржанұлы 1939 жылы, 7-мамыр күні Гурьев (қазір Атырау облысы) облысының Новобогат (қазір Исатай ауданы) ауданындағы Новобогат селосында (қазір Хамит Ерғали ауылы) осыдан 80 жыл бұрын дүниеге келген сәбидің атын нағашысы, Қазақтың көрнекті ақыны Хамит Ерғалиевтей белгілі адам болсын деп ырымдап қойыпты әке-шешесі.

«Жақсыдан шапағат» демекші әке-шешенің үміті бүгінде ақталып отырғандығы ақиқат. Ол «дәрігер акушер-гинеколог» деген құрметті мамандыққа өзге салаларда нағыз ер азамат ретінде шыңдалып, өмірлік тәжірибе жинап, сәл кештеу келген еді. Бала жасынан қайсар, әрі намысшыл болып өскен ұстазымыз 1957 жылы мектепті бітірген бойда (әрі қарай оқуға қаражаты болмай) Гурьев кеме жөндеу зауытына металл токарі болып қызметке орналасты. Осында 1 жыл жұмыс атқарғаннан кейін, 1958 жылдан 1963 жылға дейін КСРО-ның әскери - теңіз флотында атом сүңгуір қайығында өзінің әскери борышын атқарды. Осы жылдары Куба (Кариб) дағдарысына, су астындағы ядролық жарылысқа және Н.С.Хрущевтың АҚШ-қа барған сапарын қоштап барушылардың бірі болған. Оншақты мұхиттар мен теңіздерге сапар шеккен адам. Әскери қатарында жүріп Кеңес Одағының Коммунистік партиясының мүшелігіне өтіп, бір жылдық сырттан оқитын партия мектебін бітірген. Оның қай іске болмасын үлкен жауапкершілікпен қарайтын қасиеті жас кезінен байқалып, әскери қызметтегі жетістіктері үшін КСРО Қорғаныс министрі мен Флот басшылығынан 18 алғыс хат алған. Әскерден оралғаннан кейін Гурьев қаласының «Нефтяник» облыстық ауруханасында массажист болып жұмыс атқарды. 1963 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түсіп, оны аяқтаған соң (1969 жыл) Алматы қаласындағы №1 перзентханаға дәрігер акушер-гинеколог болып

жұмысқа орналасқан. Студент бола жүріп, Қазақ онкология және радиология ғылыми зерттеу институтында орта буын медицина қызметкері, яғни қайыр (медбарт) болып еңбек етті.

1970 жылы профессор К.Д.Өтегенованың шақыруымен акушерия және гинекология кафедрасына ассистент-оқытушы болып қабылданды. Осы кафедрада жұмыс жасап жүріп 1977 жылы профессор К.Д.Өтегенова мен профессор Н.А.Қайыпованың басшылығында «Жатыр фибромиомасы және жүктілік» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

Енді Хамит Нұржанұлының еңбек жолын қысқаша шолып өтер болсақ, 1970 жылдан 1993 жылға дейін емдеу факультетінің акушерия және гинекология кафедрасында 23 жыл ассистент, 1993 жылдан 2012 жылға дейін 19 жыл бойы кафедраның доценті, 2012 жылдан бастап осы кафедраның профессоры ретінде қызмет атқарды. 2013 жылдан 2018 жылға дейін Алматы қалалық жоғары медицина колледжінің акушерия және гинекология кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс атқарды, ал 2018 жылдың 1-қыркүйегінен бастап Қазақстан-Ресей Медицина Университетінің акушерия және гинекология кафедрасының ассистенті болып қызмет атқарып жатыр.

1985-1988 жылдары кафедра жұмысымен қатар Қызылтулы Ортаазиялық әскери округінің штаттан тыс бас акушер-гинеколог жұмысын қоса атқарды.

2003 жылы ҚазҰМУ Ғылыми Кеңесінің шешімімен оған Қаз ҰМУ профессоры академиялық атағы берілді.

Білімін шыңдап, тәжірибе жинақтай түсуге ынтық ұстазымыз біліктілігін көтеруге ешқашан жалыққан емес. Соның дәлелі, ол тек Республикалық ғана емес, сонымен қатар Халықаралық семинарларға, конференцияларға, контресстерге және симпозиумдарға (ОАР – Кейптаун қаласы, БАЭ – Дубай қаласы, Туркия – Измир қаласы, Германия – Берлин, Мюнхен қалалары, Испания – Барселона қаласы, Сингапур – Сингапур қаласы, Ресей Федерациясы – Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосибирск қалалары, Қырғыстан – Бишкек қаласы және тағы басқалары) қатысқан ғалым.

Акушерия, гинекология және перинатология салалары бойынша 11 кітап, 5 оқу құралы және 3 сөздік жарыққа шықты.

Жалпы айтқанда, Хамит ұстазымыздың жалпы еңбек өтілі 62 жыл болса, соның ішінде емдеу өтілі – 56 жыл, педагогикалық өтілі – 49 жыл, акушер-гинеколог мамандығы бойынша өтілі – 50 жыл екен.

1994 жылдан бері жоғары санаттағы дәрігер- акушер – гинеколог. КСРО Еңбек ардагері және ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі, ҚР ДСМ біліктілік комиссиясының мүшесі, ҚР ДСМ жанындағы терминалогиялық комитеттің мүшесі, «Ұлттық медициналық қауымдастығының» Республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі,

Республикалық «Денсаулық» журналының редакция алқасының мүшесі, қоғам қайраткері.

2014 жылы ҚР клиникалық және іргелі медицинасы ғылыми академиясының жалпы жиналысының шешімі бойынша ол академияның мүшесі ретінде Академик болып сайланды.

Хамит ұстазымыздың бүкіл еңбек жолы мен өмірлік тәжірибеден жиған-тергенін, ойға түйгенін бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес сияқты. Кафедрада жұмыс істей жүріп, ол студенттерге семинарлар мен тәжірибелік сабақтар өткізді және дәрістер оқыды. Қазақстанда гинекология мен акушерия пәндерінен алғашқы қазақша дәрістерді оқығандардың бірі болды. Ағымдағы және мемлекеттік емтихандарды қабылдады, субординаторларды, интерн-дәрігерлерді және тәжірибелі дәрігерлерді аттестациялауға қатысты, ауру тарихтарын және хаттамаларды тексерді.

Енді Хамит ұстазымыздың баспа іс-әрекетіне келетін болсақ, онда ол кісі:

1976 жылы «Жатыр фибромиомасы және жүктілік» атты кітапша шығарды.

1986 жылы «Студенттердің акушерия бойынша тәжірибелік сабақтарға өзіндік дайындалуы үшін әдістемелік нұсқаулар» кітабын құрастыруға және шығаруға қатысты.

1988 жылы «Акушер-гинеколог субординаторлардың өзіндік дайындалуы үшін әдістемелік нұсқаулар» кітабын құрастыруға және шығаруға қатысты.

1992 жылы «Студенттердің гинекология бойынша өзіндік дайындалуы үшін әдістемелік нұсқаулар» кітабын шығарды.

1994 жылы қазақ тілінде «Студенттердің гинекология бойынша өзіндік жұмыстарына арналған оқу-әдістемелік құрал»,

1997 жылы «Гинекология бойынша клиникалық дәрістер» атты кітабын шығарды. Осы еңбектері республикалық конкурста 3-ші орын алды және ҚазҰМУ ректорының алғысын иеленді.

Сондай-ақ 1997 жылы «Медициналық жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «акушерия және гинекология бойынша тесттік тапсырмаларды»,

1999 жылы «Гинекологияға кіріспе»,

2002 жылы «Акушер-гинеколог-интерн дәрігерлерге арналған тестілер»,

ал 2002 жылы «Акушерияға кіріспе» атты кітаптарын жарыққа шығарды.

2003 жылы басқа авторлармен біріге отырып «Ағылшын-қазақша медициналық сөздік» кітабын басып шығарды.

2006 жылы «Акушерия және перинатологияның даму тарихының кезаралары (этаптары) атты кітабын жарыққа шығарды.

2008 жылы басқа авторлармен бірге «Жаңа туған балалардың сарғаюының диагностикасы мен емі» атты оқу құралын басып шығарды.

2011 жылы 12 мыңнан астам терминді қамтыған «Акушерия және гинекология бойынша орысша қазақша сөздік» шығарды.

2014 жылы «Орысша – қазақша медициналық сөздік», «Русско-казахский медицинский словарь» оның 3-ші басылымын басып шығарды және

2014 жылы «Ағылшын-қазақша медициналық сөздік», «English-kazakh Medical Dictionary» шығарды.

2014 жылы «Практические навыки по акушерству и гинекологии», ал

2016 жылы «Акушерия және гинекология бойынша тәжірибелік дағдылар» атты кітаптарын басып шығарды,

2019 жылы «Ситуационные задачи по акушерству и перинатологии» атты оқу құралын баспаға шығаруға берді.

1969 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітіргеннен кейін қалалық денсаулық сақтау бөлімінің жолдамасымен Алматы қаласының №1 перзентханасына акушер-гинеколог дәрігер болып орналасты. Осы перзентханада істеп жүріп ҚАЗССР –ның Денсаулық сақтау министрінің тапсырмасымен Солтүстік-Қазақстан облысының тың игеру аудандарындағы әйелдерге 2-айдай бойы акушерлік және гинекологиялық көмек көрсетіп қайтты.

Сонымен қатар, Хамит Нұржанұлы 1970-1993 жылдары аралығында акушерия және гинекология кафедрасында ассистент қызметін атқара жүріп 23 жыл бойы Алматы қаласы мен облысында орналасқан барлық перзентханаларда, сондай-ақ ЖМЖА және ОҚКА – да жүктілерге, босанушыларға, гинекологиялық ауруларға қызмет көрсетті.

Күн-түн демей, жоспарлы және шұғыл операциялар (оталар) жасады. Осы уақыт ішінде (23 жыл) бүкіл республика бойынша ол көмек көрсеткен әйелдердің саны 80 мыңнан астам еді. Сонымен қатар 5-ші курс студенттеріне және субординаторларға жедел гинекология бойынша тәжірибелік сабақтар өткізді. 1993-1999 жылдары 6 жыл бойы ОҚКА – ның гинекологиялық бөлімшенің доцент-кеңесшісі болып еңбек етті, ал 1993-2005 жылдары 6 жыл бойы №1 клиникалық перзентханада және №14 әйелдер консультациясында доцент-кеңесшісі болып қызмет атқарды.

2005 жылдан осы қазіргіге дейін (20 жыл) ҰОС ардагерлер емханасының әйелдер консультациясында профессор-кеңесші болып қызмет атқаруда.

Осы 20 жыл ішінде 50 мың жүкті әйелдер мен босанған және гинекологиялық ауруларға кеңес беріп емдеген. Сонымен, ұстазымыз, 50 жыл ішінде (акушер-гинеколог дәрігер ретінде) 130 мыңнан астам әйелдерді емдеген.

Хамит Нұржанұлы акушериялық және гинекологиялық патологияларды диагностикалау мен емдеудің жаңа әдістерін, акушериялық және гинекологиялық операциялардың әдістерін жақсы игерген маман.

1969-2019 жылдар (50 жыл) аралығында 18 мыңнан астам кіші және қуыстық акушериялық және гинекологиялық операциялар жасаған.

Басында айтып кеттік ғой, ұстазымыздың жалпы еңбек өтілі – 62 жыл деп, оның ішінде емдеу өтілі 56 жыл екен. Осы 56 жыл ішінде Республиканың денсаулық сақтау органдарына тәжірибелік көмек көрсеткен адам; яғни ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмаларымен 12 рет «Медициналық десант» құрамында, Республиканың шалғай аудандарына (Жамбыл, Шымкент, Алматы, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау және тағы басқалары) барып әйелдерге талай акушериялық және гинекологиялық көмек көрсеткен, мысалы, осы туралы Жамбыл облысының Талас ауданында болған кезде ұстазымыздың жұмысы барысын Мәскеудің «Медицинская газета» корреспонденттері газетке жақсылап жазып кеткен екен. Интернатура жұмысын тексеруге 6 рет (Жамбыл, Шымкент, Қызылорда, Талдықорған облыстарында) шыққан. астық жинау үшін тың жерге 2 рет Көкшетау облысында болған, астық өнімін жинауға 3 рет колхозға барған. Студенттердің кәсіби тәжірибесінің бастығы ретінде 8 рет (Жамбыл, Шымкент, Қызылорда және тағы басқа облыстарында) барған. Сонымен іс-сапарға 41 рет шыққан. Осы іс-сапарларында жергілікті денсаулық сақтау органдарында акушериялық және гинекологиялық көмекті көрсете білген.

Ұстазымыз қоғам жұмысыменде айналасқан.

Басында №1 перзентхананың саяси хабаршысы болған, сосын кафедраға ауысқаннан кейін қосымша шаруа ассистентінің міндетін (10 жыл), емдеу факультетінің ДОСААФ Төрағасының (6 жыл), емдеу факультетінің Халық бақылау төрағасының (5 жыл), институттың Халық бақылау төрағасының орынбасарының (2 жыл), кафедраның парторгісінің (1 жыл), 1995-1996 жылдары Алматы Мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетінің деканының орынбасарының, 1997-1998 жылдары Қазақстан медицина институтының деканының орынбасарының, 1999-2003 жылдары кафедраның қазақ тілді бөлімшенің оқу ісі меңгерушісінің міндеттерін атқарған. Қазіргі кезде Қазақстан-Ресей медицина университетінің акушерия және гинекология кафедрасының студенттерінің тәлімгері.

Ұстазымыздың еңбегі еленіп талай марапаттарға ие болды. Мысалы, Алматы, Көкшетау, Жамбыл, Талдықорған, Шымкент, Маңғыстау қалаларының әкімдерінің, Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының, Алматы денсаулық сақтау басқармасының Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің құрмет грамотасын, университет ректоры, партия комитеті және жергілікті комитет тарапынан алғыстар мен грамоталар алды. Ол сондай-ақ «КСРО еңбек ардагері» медалінің (1989), «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісінің (2011), «ҚАЗҰМУ күміс медалінің» (2006), «Алтын дәрігер» медалінің (2012), «А.Байтұрсынов атындағы күміс медалінің» (2013), «Мейірімділігі, қайырымдылығы және рахымдылығы үшін» Халықаралық медалінің (2013), Ресей федерациясы «Ғылым және білім беру ісінің еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағының (2013), «Отан қорғаушы» Халықаралық медалінің (2014), «European scientific and industrial consortium – William Harvey» Халықаралық медалінің (2014), «Гиппократ» Халықаралық медалінің (2014), «Ave – Vitae» орденінің (2015), «Gold Scalpel» Халықаралық орденінің (2018), «Қазақстан Республикасының қоғам қайраткері» медалінің (2018) иегері.

Бір айта кететін жәйттар бар еді, соны айта кетейін, Біз оқып жүрген кезімізде ұстазымыздың уникал адам (өте сирек, бірден бір) екенін білдік, яғни жүрегінің оң жақта орналасқанын білдік, бұл біз медиктер үшін таңғалатын жағдай болды (бұндай жағдай 100 мың адамның ішінде бір адамда кездесетін жағдай). Жүрегіңіздің оң жақта орналасқанын қай уақытта, неше жасыңызда білдіңіз деген сұраққа, ол кісі «мен мектепте оқып жүргенде (6-7 класта) біздерді әскери комиссариатқа шақырып

медициналық тексеру өткіген кезде «жүрегімнің оң жақта екенін сонда білдім, -дейді ұстазымыз. Кейін әскери-теңіз флотына алынғанымда іш-құрылысымның мүшелерінің түгелдей орын ауыстырғанын білдім. Сол кезде комиссия бастықтары «Сендей баланы бірінші рет көріп тұрмыз»-деп мені елге қайтаруға ұйғарды. Ал мен болсам: «Мен елге қайтпаймын, елдің бетіне қалай қараймын, әкем ұрысады деп отырып алдым, осыдан мені елге қайтаратын болсаңдар, мен Мәскеуге Орталық комитетке шағым жасаймын»-дедім оларға. Олар қорыққан болар, әйтеуір мені әрең дегенде моряк (теңізші) болып, әскери-теңіз флотының атом сүңгуір қайығында 5-жылдай қызмет еттім – дейді ұстазымыз (Бұл жағдай 1958 жылы, Архангельск облысының Северодвинск қаласында болған уақиға). Осыдан көрінбейме, ұстазымыздың қандай патриот екенін.

Іш-құрылысына байланысты тағы бір екінші жәйтты айта кетейін. Ұстазымыз айтқандай, бір күндері Баренц теңізінде әскери жорықта жүрген кезімізде менің ішімнің ұстамасы ұстап теңізден тікұшақпен әскери госпитальға алып келді, сонда маған диагноз қойалмай дәрігер-хирургтар бірталай әрігерге түсіп, мазалары кеткен. Әйтеуір операция жасап аппендиксінді соң жақта тауып алып тастаған. Осылай іш-құрылысымның толықтай ауысқанына көзім жетті – дейді ұстазымыз.

Ал, енді үшінші жәйт, ол Атырау облысының орталығы Атырау қаласының өлкелік мұражайында осы ұстазымыздың өмірі мен кәсіби жолына арналған бұрыш бар.

Енді төртінші жәйт туралы, ол «Мен босандырған және гинекологиялық ауруларынан емдеген талай әйелдердің алғысына бөлендім, - дейді ұстазымыз. – Сәбилеріне менің атымды қойғандар да көп болды. Мысалы, қазір есімі менің құрметіме қойылған 36 Хамит бала өмір сүріп жатыр». Мен өзімді бақыты адаммын деп санаймын, осындай жасқа келіп, әліде болса, қолымнан келгенше, талай нәрестенің аман қалуына себепші болармын деп сенемін.

Мен ұстазым туралы мақаламды аяқтай отырып, бүгінде 80-жасқа шыққан мерейтойын атап өткелі отырған алтын қолды ұстазымыз – дәрігерге бүкіл шәкірттері атынан зор денсаулық, қажымас қайрат, еңбекте табыс, жанұясына береке тілейміз.

*Қазақстан-Ресей Медицина Университетінің
Ғылыми және клиникалық жұмыстар бойынша
проректоры, акушерия және гинекология
кафедрасының меңгерушісі, доцент
Иманбаева Ж.А.*

Нуржанов Хамит Нуржанович

Член партии «Nur Otan», профессор, академик Академии наук клинической и фундаментальной медицины РК, врач акушер-гинеколог высшей категории, отличник здравоохранения РК, Алтын дәрігер, Ветеран труда, заслуженный работник образования и науки РФ, член Республиканского общественного объединения «Национальная Медицинская Ассоциация», член Терминологического Комитета МЗ РК, член редколлеги Республиканского журнала «Денсаулық», қоғам қайраткері (общественный деятель)

Нуржанов Хамит Нуржанович родился в 7 мая 1939 в Новобогатинском районе, поселке Новобогатинск Гурьевской области и после окончания казахской средней школы в 1957 году, работал токарем по металлу на Гурьевском судоремонтном заводе. С 1958 по 1963 годы служил в Военно-Морском Флоте (участник Кубинского кризиса и атомного взрыва под водой) и там же был принят в члены КПСС, по рекомендации Политуправления Краснознаменного Северного Флота окончил заочную годичную партийную школу. Имеет 18 благодарностей от Командования Флота и Министра обороны СССР. После демобилизации работал массажистом в больнице «Нефтяники» в г.Атырау.

В 1963 году поступил на лечебный факультет АГМИ, по окончании которого, был направлен на работу врачом акушер-гинекологом в родильный дом №1 в г.Алматы. Будучи студентом медицинского института совмещал учебу с работой в Казахском научно-исследовательском институте онкологии и радиологии, в качестве среднего медицинского работника.

С сентября 1970 года по ноябрь 1993 года (23 года) работал в должности ассистента кафедры акушерства и гинекологии лечебного факультета Алматинского медицинского института (с 1989 года переименован в Казахский национальный медицинский университет им. С.Д.Асфендиярова, КазНМУ). Являлся консультантом в родильных домах г. Алматы (№1, 2, 3, 4, 5, 6) и в областной больнице, а также гинекологических отделениях БСМП и ЦГКБ.

В 1977 году под руководством профессора Утегеновой К. Д. и профессора Каюповой Н. А. защитил кандидатскую диссертацию на тему: «Фибромиома матки и беременность».

Начиная с ноября 1993 года по август 1999 года, являлся доцентом-консультантом гинекологического отделения ЦГКБ.

С ноября 1993 года по сентябрь 2012 года (19 лет) - в должности доцента кафедры акушерства и гинекологии №2 КазНМУ, а с сентября 2012 года - в должности профессора этой кафедры. 25 февраля 2003 года решением Ученого Совета КазНМУ было присвоено академическое звание профессора КазНМУ.

С сентября 1999 года по 2005 года работал являлся



консультантом в клиническом роддоме №1 г., а также консультантом женской консультации №14. Начиная с сентября 2005 года и по настоящее время работает консультантом - профессором женской консультации поликлиники ветеранов ВОВ.

С августа 2013 года по август 2018 года работал завкафедрой акушерства и гинекологии Алматинского городского высшего медицинского колледжа.

С сентября 2018 года по настоящее время работает в должности профессора кафедры акушерства и гинекологии Казахстанско - Российского медицинского университета (КРМУ).

Являлся членом аттестационной комиссии по присвоению II - I и высшей

квалификационной категорий по КАЗНМУ и Научно-исследовательского кожно-венерологического института, а также членом квалификационной комиссии ККСОМУ Минздрава РК.

За период работы оказывал практическую помощь органам здравоохранения Республики, ежегодно по заданию Минздрава РК выезжал в составе «Медицинского десанта» для оказания акушерской и гинекологической помощи женщинам, в отдаленные районы Республики (районы Жамбылской, Шымкентской, Алматинской, Кызыл-Ординской, Мангистауской, Атырауской областей. Постоянно участвует в разборе жалоб больных по заданию Департамента по контролю качества оказываемых лечебных услуг.

Владеет современными методами диагностики и лечения акушерской и гинекологической патологии, техникой акушерских и гинекологических операций в полном объеме, провел в родовспомогательных учреждениях г. Алматы и областей Республики Казахстан, а также в г. Москве и в г. Новосибирске более 18 тысяч полостных и малых гинекологических и акушерских операций.

Имеет более 130 печатных работ.

Постоянно повышает свою квалификацию не только участвуя в Республиканских, но и Международных семинарах и конференциях, конгрессах, симпозиумах (ЮАР – г. Кейптаун, ОАЭ - г. Дубай, Турция -г. Измир, Германия- г. Берлин, г. Мюнхен, Испания - г. Барселона, Сингапур - г. Сингапур, Российская Федерация - г. Москва, г. Санкт-Петербург, г. Новосибирск, Киргизия - г. Бишкек и т.д.).

Врач высшей категории с 1994 года. Ветеран труда и отличник здравоохранения РК. Является членом квалификационной комиссии ККСОМУ МЗ РК и членом Терминологического Комитета при Минздраве РК, а также член редколлегии Республиканского журнала «Денсаулық».

В 2014 году решением Общего собрания Академии наук клинической и фундаментальной медицины РК избран членом академии - Академиком.

Издательская деятельность:

В 1976 году брошюра «Фибромиома матки и